



Астана 2024, №7

Каспий теңізінің Қазақстандық жағалауы үшін 2024 ж. шілдедегі ай сайынғы гидрометеорологиялық шолу.

Барлық ағымдағы деректер "Қазгидромет" РМК мониторингінің өңделмеген (жедел) деректері болып табылады.

12.08.2024

Каспий теңізін гидрометеорологиялық зерттеулер басқармасы

Ғылыми-зерттеу орталығы

7 (7172) 79 83 12

ugmikm@meteo.kz

Шілде айында 4 желкөтерме-желшегерме құбылыстары байқалды, Пешной және Фетисово аймағында деңгейдің төмендеуі 24-29 см-ге жетті.

Теңіз деңгейі.

Максимум Иголкинская банка пунктінде – 146 см, ал минимум Құрық пунктінде - минус 166 см болып тіркелді. Орташа деңгей минус 78 см немесе БЖ бойынша минус 28,78 м құрады.

Кесте 1. Теңіз деңгейінің сипаттамалары.

Бақылау пункті	Орташа деңгей	Максималды деңгей	Бақылау уақыты	Минималды деңгей	Бақылау уақыты
Иголкинская банка	130	146	01.07.2024	120	14.07.2024
Жанбай	-	-	-	-	-
Пешной	-43	40	01.07.2024	-78	
Құлалы аралы	-122	-115	05.07.2024	-130	14.07.2024
Форт-Шевченко	-123	-114	05.07.2024	-149	03.07.2024
Саура	-154	-149	13.07.2024	-157	01.07.2024
Құрық	-149	-136	13.07.2024	-166	28.07.2024
Ақтау	-137	-129	06.07.2024	-149	26.07.2024
Песчаный	-35	-25	16.07.2024	-37	24.07.2024
Фетисово	-65	-43	15.07.2024	-92	27.07.2024

Ескертпе: Жанбай ТГБ деректері толық емес.

Су температурасы.

Су температурасының орташа мәні 13,6°C (М Пешной) 32,8°C (МГП Құрық) дейінгі ауытқулармен шамамен 23,3°C болды.


Ауа температурасы.

Шілдедегі орташа ауа температурасы шамамен 27,6°C болды. Ауа температурасының максималды мәні Саура маңында 42,6°C дейін жетті, ең төменгі ауа температурасы Иголкинская Банка теңіз бекеті маңында байқалды (12,3°C).


Астана қ.,
Мәңгілік Ел 11/1
7 (7172) 79-83-32

info@meteo.kz

www.kazhydromet.kz



Сур.1. Орташа теңіз деңгейі, см



Сур.2. Су температурасы, °C

Желдің жылдамдығы мен бағыты.

Шілде айында Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде желдің орташа жылдамдығы шамамен 4 м/с болды, ең жоғары жылдамдық 16 м/с дейін жетті (Пешной, Фетисово).

Шілде айында желдің басым бағыты солтүстік-батыс (17,9%), батыс (14,1%) және солтүстік (14,0%) болды.